

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1993 жылғы 8 желтоқсан N 1225. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996.09.13. N 1117 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының қаржы,  
салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 12  
қарашадағы N 963 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 42, 619 бап  
) Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы қоса беріліп  
о т ы р ғ а н Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Қазақ ССР Финанс министрлігі туралы  
Ережені бекіту туралы" 1971 жылғы 24 қыркүйектегі N 553 қаулысының (Қазақ  
КСР ҚЖ, 1971 ж., N 20, 106 бап) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 8 желтоқсандағы  
N 1225 қаулысымен  
Б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы  
Е р е ж е

I б ө л і м . Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық мемлекеттік  
басқарудың қаржы-экономикалық органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық мемлекеттік  
басқару органы ретінде республикада қаржыны ұйымдастыруға жалпы  
басшылықты жүзеге асырады және бірыңғай мемлекеттік саясаттың кредит,  
валюта, ақша, салық және кеден саясатымен өзара бірліктегі стратегиялық  
бағытын әзірлеуге және практикада іске асыруға, сондай-ақ осы бағытты  
Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығына мүше елдердің мемлекетаралық шеңберінде  
үйлестіруге әрі Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қаржы

саясатын әзірлеуге жауап береді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті қаржы базасын құруды, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қажеттілікке мемлекеттік бюджет қаржысын ұтымды және үнемді түрде жұмсауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, оған қарасты қаржы басқармалары (бөлімдер), салық және кеден қызметтері, еркін экономикалық аймақтардың әкімшілік Кеңестерінің қаржы басқармасы органдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды және олар республика бюджеті есебінен қаржыландырылады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, республика Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және басқа нормативті актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қолданылып жүрген заңның министрлік жүйесінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, өз құзырына қатысты мәселелер бойынша заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өз қызметі процесінде мемлекеттік қаржы мүддесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## II бөлім. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің басты міндеттері

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басты міндеттері мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

а) түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға қаржының белсенді түрде әсер етуін қамтамасыз ету, нарық қарым-қатынасын енгізу негізінде республика экономикасын тұрақтандыру мен көтеру, қаржы заңдарын орындауды қамтамасыз ету, олардың нарық экономикасына етер әсері мен тиімділігін зерттеу, басқа мемлекеттермен қаржы мәселелері жөнінде жасалатын келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу;

б) республикадағы табыс пен шығынды экономикалық тұрғыдан негіздеп жоспарлау, табыс түсімін ұлғайту есебінен бюджеттегі тапшылықты біртіндеп қысқарту; дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдетудің белгіленген бағдарламаларын, қоғамдық өндіріс пен ғылыми-техникалық прогресті дамытудың басым бағыттарын, әлеуметтік дамуды жеделдетуді қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; халық шаруашылығының кешенді мақсаттағы бағдарламалары мен мемлекеттік ең

төменгі кепілдіктерді қаржыландыру;

в) халық шаруашылығы салаларындағы халықаралық стандарттарды ескере отырып, шаруашылық жүргізудің субъектілеріндегі, меншік нысаны, қызметтері әр түрлі мекемелер мен ұйымдардағы бухгалтерлік есептеу мен есеп беруді ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін анықтау;

г) ұзақ мерзімді қаржы нормалары мен нормативтерін кеңінен пайдалану негізінде қаржылай және валюталық реттеудің, бюджеттік жоспарлау мен қаржыландырудың әдістерін жетілдіру, мемлекеттік кеден саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық қатынастарды кеден тұрғысынан реттеу жүйесін жетілдіру;

д) кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мәселелер мен ұйымдардың мемлекетпен қаржы тұрғысынан өзара қарым-қатынасын жетілдіре түсу және қаржы ресурстарының келешекте өсе түсуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеу, шетелде жұмыс істеп жатқан немесе жаңадан құрылған кәсіпорындарға мемлекеттік инвестиция мәселелерінде республиканың басқа елдердегі мүддесін қорғау;

е) Қаржы министрлігінің қызметінде заңдылықты нығайту, салық, алымалық және басқа да төлемдердің бюджетке толық түсуін құқықтық құралдармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жүйесіндегі мекемелердің құқтары мен заңды мүдделерін қорғау.

### III бөлім. Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің қызметі

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) әлеуметтік-экономикалық даму саласында республика үшін қаржы жөнінен жалпы басымдықты анықтау бойынша ұсыныстар әзірлейді;

б) Нарықтық қатынасқа өтуге, еліміздегі инфляция процестерін шектеп, одан біртіндеп өтуге, кәсіпкерлікті қолдауға, халықты әлеуметтік бағдардағы салық салумен қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай салық саясатының негізгі принциптерін іске асырады;

в) халықтың табысы аз топтарын, бағаның ырықтануы мен нарық қатынасына көшу жағдайында табыс мөлшері белгіленген адамдарды қаржы жағынан қолдауды қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді;

г) қаржыны перспективалы жоспарлауды жүзеге асыруды, әлеуметтік-экономикалық дамудың қаржы негізін болжауды кірістіре отырып, республикадағы бюджет процесін басқарады, халықтың ақшалай табысы мен шығындары балансымен, ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарымен, басқа да жалпы экономикалық құн балансымен өзара байланыстағы қаржы балансын

әзірлеуге

қатысады;

д) республика деңгейінде бюджетті жоспарлауды жүзеге асырады, республика бюджеті мен әкімшілік-аумақтық құрылымдар бюджетінің өзара қатынасын қалыптастырады. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетін құрайды және оны атқарады;

е) республиканың қаржы және кредит жүйесіндегі барлық құрамдас бөліктерінің өзара іс-қимылының тиімді нысандарын әзірлейді және оларды өмірге енгізеді;

е) экономиканы қаржы жағынан сауықтыру, бюджет тапшылығынан біртіндеп өту және мемлекеттің ішкі, сыртқы қарыздарының өсуін тежеу жөнінде шаралар мен ұсыныстар әзірлейді;

ж) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, ақша айналымын нығайту және ұлттық валютаны тұрақтандыру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

з) қоғамдық өндірістің құрылымдарын қайта құруды, өндіріс құралдарын жаңалау мен жаңғыртуды, қаржымен қамтамасыз ету жөнінде, сондай-ақ шетел инвестициясын тартуға қолайлы жағдай жасау жөнінде ұсыныстар дайындайды;

и) меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасын, жекешелендіруді дайындау мен өткізу жөніндегі нормативті құжаттарды әзірлеуге қатысады, бірыңғай кредит-қаржы саясатын жүргізу үшін банктер акцияларының мемлекеттік пакетін басқарады;

к) Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының, Қарулы Күштерінің, құқық қорғау және сот органдарының ұйымдық құрылымдарын жақсарту және оларды ұстауды арзандату жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын, Қарулы Күштерін, құқық қорғау және сот органдарын ұстауға бөлінетін бюджет қаржыларын үнемдеп жұмсауға бақылауды жүзеге асырады және осы мәселе бойынша қаржы органдарының жұмысына әдіснамалық басшылық жасайды; еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

л) бюджетте көзделген барлық табыстардың түсуіне және орталықтандырылған тәртіппен бөлінген мемлекет қаржысының үнемделуі мен мақсатты пайдаланылуының қатаң режимде сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

м) Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, шаруашылық жүргізуші басқа да субъектілердің мемлекеттік бюджетті орындауларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен бірлесіп республикалық және жергілікті бюджеттің кассалық орындалуына, табыстардың бюджетке уақтысында және дұрыс аударылуына, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы банктерінің республика бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын күрделі қаржылар мен басқа да шаралардың қаржыландырылуына бақылайды;

н) халықаралық стандарттарды ескере отырып, бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырудың бірыңғай әдіснамалық негіздерін айқындайды, әзірленген әдіснаманың практикаға енуін ұйымдастырады, сондай-ақ меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің есеп пен есеп беруінің жай-күйін бақылайды;

о) меншіктің барлық нысандарындағы министрліктердің, ведомстволардың, басқа да басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарайды, олардың мемлекет алдындағы қаржы міндеттемелерінің орындалу барысын талдайды және тексереді, кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықты болдырмау жөнінде талап қояды;

п) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп орталықтандырылған республикалық валюта қорының есеп айырысу балансының жобасын жасайды және оның орындалуын бақылайды;

р) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп, шетел валютасымен алынған кредиттер үшін есептесудің, шетелдермен саудадағы валюталық-қаржылық операциялардың тәртібін жасайды, Қазақстан Республикасының Үкіметіне шетел мемлекеттерінің, банктерінің және басқа заңды ұйымдарының заемдер мен кредиттер берулері туралы халықаралық шарттар мен келісімдердің жобалары жөнінде қорытынды пікір және қаржылық негіздеме береді, шетелдер мен республиканың мемлекеттік қарызы туралы бірыңғай есеп жүргізеді, оларды жабудың көздерін іздестіреді және ұсынады;

с) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп шетелдерден түсетін валютаны аудару мен валюта қаражаттарының республикаға толықтай түсуін қадағалаудың тетігін әзірлейді, экспорттық валюта түсімін жасырған, сондай-ақ валюта қорына қаржы аударудан жалтарған заңды ұйымдар мен жеке адамдарға санкция қолданады. Республикалық валюта қорын пайдаланудың бағытын қалыптастырады және айқындайды, осы қор қаржысының қозғалысын есепке алып отырады, республика Үкіметінің тапсыруы бойынша, валютамен есеп айырысуды жүзеге асырады және оның мақсатына сай жұмсалуды қадағалайды;

т) мемлекеттік ішкі заемдар мен ақшалай-заттай лотереяларды шығару және оны орналастыру туралы ұсыныстар әзірлейді, ұтыс тираждарын өткізу мен мемлекеттік ішкі заемдар мен лотереялардың орнын толтыруды ұйымдастырады, республикалық лотереяны өткізудің шарттарын, сондай-ақ жергілікті заемдарды шығарудың жалпы көлемі мен шарттарын келісуді жүзеге асырады;

у) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын шығаруды және оның айналымын реттеуді жүзеге асырады.

ф) бағалы қағаздар нарқына шетел мемлекеттері эмитенттерінің қатысуына рұқсат береді, шетел инвесторларының бағалы қағаздарды алуына республиканың Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі берген рұқсатпен келіседі;

х) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Ұлттық банкімен бірлесіп жиынтық кредит жоспарын түзеді және республиканың басқа елдермен кредит және есеп айырысу операцияларының жай-күйін, касса жоспарларының орындалуын зерделейді және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

ц) кадрларды таңдап, орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің ұйымдары мен мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз етеді, мамандар дайындауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

ч) қаржыландырудың орталықтандырылған көздерінен сол мақсаттарға арнап бөлінген қаражат есебінен тұрғын үйлер мен әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілердің құрылысын жүргізу жөнінде тапсырыс беруші қызметін жүзеге асырады;

ш) қаржы заңдарының қолданылу тәжірибесін қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заңдар мен басқа да нормативті актілердің жобаларын дайындауға қатысады, Министрлікке түскен жобалар жөніндегі қорытынды пікір береді, Министрлік жүйесіндегі заң қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік нұсқауларды дайындайды;

щ) кеден ісінің міндеттері шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 6-шы тармақтың "у" тармақшасы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.08.01. N 1058 қаулысымен.

Ескерту. 6-тармақ жаңа тармақшамен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.04.29. N 520 қаулысымен.

#### IV бөлім. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құқтары

##### 7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

а) өзіне ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді құру, қайта құру және тарату мәселелерін белгіленген тәртіппен шешуге;

б) министрліктерден, ведомстволардан, концерндерден, ассоциациялардан, шаруашылық құрылымдардың басқа түрлерінен, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден, статистикалық және басқа органдардан салық салу объектілерінің құрамы мен көлемі туралы есеп беру мен баланстарды және басқа материалдарды, республикалық валюта бюджетінің жобасын түзу және оны орындау үшін қажетті сыртқы көлемдер жөнінде келісімдер туралы ақпаратты алуға, мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекет алдындағы қаржы міндеттемесін орындауын, мемлекеттік қаржы тәртібінің сақталуын, сондай-ақ министрлікке жүктелген басқа да қызметтердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға ;

в) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен ай сайын қалдықтардың мөлшері, бағалы металдар мен асыл тастардың түсуі мен өткізілу көлемі туралы ақпарат алып отыруға, Ұлттық банкімен бірлесіп бағалы металдар мен асыл тастарды өткізуден түскен валютаны Республиканың валюта қорына аударуды қамтамасыз етуге ;

г) Экономиканы қайта құру қорына, Минеральды шикізат ресурстарын ұдайы өндіру және жер қойнауын қорғау қорына, Жол қорына, Еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорына, Зейнетақы қорына, Әлеуметтік сақтандыру қорына, Республикалық валюта қорына, республиканың басқа да арнаулы қорларына, сондай-ақ жекешелендіру жөніндегі арнайы есепшотқа аударылуға тиісті қаржылардың түсуі мен жұмсалуына бақылау жасауға;

д) қажет болған жағдайда облыстардың бюджеттеріндегі кассадағы уақытша айырманы жабу үшін, ол қарыз сол жылдың көлемінде қайтарылады деп, республикалық бюджеттен қарыз беруге;

е) министрліктер мен ведомстволарда, кәсіпорындарда, бірлестіктерде, мекемелер мен ұйымдарда шаруашылық жүргізу әдістеріне қарамастан, республиканың қаржы ресурстарының келешекте өсе түсуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеу мақсатымен мемлекетпен өзара қаржы қатынасының нысандарын жетілдіру жөнінде зерттеу жүргізуге;

е) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп бюджеттің кассалық орындалуының тәртібін анықтауға және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыруға ;

ж) мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін тәркіленген қожайыны жоқ мүлікті, мирасқорлық құқы бойынша мемлекет иелігіне өткен қазыналарды, сондай-ақ ломбардтар қабылдаған және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз мерзімінде қайтып алынбаған бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды есептеудің, бағалаудың және өткізудің тәртібін белгілеуге, зергерлік бұйымдардың импортқа лицензиясын қарап, пәтуа жасауға;

з) меншік нысандарына қарамастан, министрліктерге, ведомстволарға және

басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерге бюджеттік, валюта-қаржы заңдарын, бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізудің белгіленген тәртібін бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

и) бағалы қағаз нарқына қатысушылардан мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар туралы қажетті ақпарат сұрауға;  
( к )

л) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімі бойынша бухгалтерлік есеп пен есеп беру, бюджеттік және валюталық-қаржылық реттеудің мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ведомстволық актілердің күшін тоқтатуға;

м) Қазақстан Республикасы алатын сыртқы заемдар туралы келісімдерге және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес заем алушылар алатын сыртқы заемдарға байланысты Қазақстан Республикасының кепілдіктеріне Қазақстан Республикасы а т ы н а н қ о л қ о ю ғ а ;

н) бюджет қаражатын заңсыз және мақсатсыз жұмсағанда , сондай-ақ жұмсалған қаражат туралы есептерді және белгіленген есеп беруді тапсырмағанда, кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды, бұл жөнінде тиісті министрліктер мен ведомстволардың басшыларын хабардар ете отырып, республикалық бюджеттен қаржыландыруды шектеуге, қажет болған жағдайда оны тоқтатуға, министрліктің құзыреті шегінде, қолданылып жүрген заңмен белгілеген басқа да санкцияларды қолдануға хұқылы;

о) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы Ережеде көрсетілген құқтармен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (министрге) қолданылып жүрген заң беретін басқа да құқықтарға ие бола алады.

Ескерту. 7-тармақтың "г" тармақшасындағы сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.06.09. N 809 қаулысымен.

Ескерту. 7-ші тармақтың "и" тармақшасы жаңа редакцияда және "к"тармақшасы алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.08.01. N 1058 қаулысымен.

## V бөлім. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жұмысын ұйымдастыру

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін Республика Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын М и н и с т р б а с қ а р а д ы .

Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын (босататын) орынбасарлары болады. Бас салық инспекциясының Бастығы - министрдің бірінші орынбасарын және Бас кеден



басқармасының бастығы - министрдің бірінші орынбасарын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды (босатады). Министрдің орынбасарларының міндеттерін Министрдің өзі белгілеп бөледі.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде Министр (алқа төрағасы), лауазымдары бойынша орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері құрамына енетін алқа құрылады.

Министрлік алқасының мүшелерін министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Министрліктің алқасы өздерінің үнемі өткізіп отыратын мәжілістерінде Министрліктің құзырына жататын мәселелерді қарастырады.

Алқаның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрығымен өмірге енгізіледі. Министр мен алқаның арасында келіспеушілік бола қалған жағдайда, министр өз шешімін өмірге енгізеді.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Министрлік құзыреті шегінде қолданылып жүрген заңдардың, Үкімет қаулыларының негізінде, оларды орындау үшін бұйрықтар, нұсқаулар шығарады, жергілікті қаржы, салық және кеден органдарының орындауы үшін нұсқаулар береді, олардың орындалу барысын бақылауды ұйымдастырады, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының басшыларымен бірлесе отырып, бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

Халық шаруашылығын қаржылық-бюджеттік жоспарлау мен қаржыландырудың, бюджетке түсетін төлемдердің аударылуы мен алынуының тәртібі, бухгалтерлік есепті жүргізу мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетін орындау бойынша есеп беруді жүргізу, Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды шығару мен олардың айналымының тәртібі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің шығарған бұйрықтарын, нұсқамалары мен нұсқауларын барлық министрліктер, сондай-ақ қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар міндетті түрде орындауға тиіс.

11. Қаржы, кредит, ақша айналымы саласындағы ғылыми зерттеулердің теориялық деңгейін, сапасын, практикалық маңызын көтеруді, сондай-ақ тауар-ақша қатынасының жалпы жиынтығын, халық шаруашылығы мен әлеуметтік-мәдени саланы қаржылық-бюджеттік тұрғыдан жоспарлау мен қаржыландыру, салық салу және басқа мәселелер бойынша шығарылған нормативтік актілердің көпке кеңінен таныс болуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өз баспа органы болады.

12. Халық шаруашылығын қаржылық-бюджеттік жоспарлау мен қаржыландырудың әдістемесін, бухгалтерлік есеп пен есеп берудің әдіснамасын жетілдіру туралы ұсыныстарды қарау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінде қажет жағдайда тиісті мәселелер бойынша жоғары білікті мамандардан, ғалымдардан, басқа ұйымдардың өкілдерінен әдістемелік (әдіснамалық) кеңестер құрылады. Әдістемелік (әдіснамалық) кеңестердің құрамын және олар туралы Ережені Министр бекітеді.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі белгіленген саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Министрліктің орталық аппаратының штатын, сондай-ақ министрліктің басқармалары мен бөлімдері, оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысына сәйкес.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңды ұйым болып табылады, оның банкте есепшоты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы ж а з ы л ғ а н м ө р і б а р .